



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

## Түркістанда сайлау күні 90 нәресте дүние есігін ашты

Түркістан облысында сайлау күні 90 нәресте дүние есігін ашты. Атап айтсақ, 46 ер бала, 44 қыз, оның ішінде 2 егіз дүниеге келді, деп хабарлайды Egemen.kz.

орындарындағы сайлау учаскесі. Таң сәриден келіп таңдау жасағандардың арасында жастар да, қариялар да аз емес. Мысалы, Сайрам ауданында ең белсенді дауыс берушілердің бірі 100 жастағы Садық Қуатбеков

жасаған қария.

Жалпы аудан бойынша 133 065 дауыс беруші бар. Олардың басым бөлігі түске дейін өз таңдауын жасап үлгерді.

Сондай-ақ Кентау қаласында 96 жастағы Екінші дүниежүзілік соғыстың ардагері Бадан Төребаев сайлау учаскесіне таң сәриден келген. Қарияның белсенділігі көпшілікті тәнті етті. Ақсақал дауыс берген соң, Алладан елдің амандығын тілеп, бата берді.

Облыс әкімі Дархан Сатыбалды Түркістан қаласындағы №133 сайлау учаскесіне келіп дауыс берді. Түркістан қаласында 5 сайлау учаскесінде дауыс беру күні тіркеуде жоқ азаматтарды анықтау және тіркеу бойынша қызметтер ұйымдастырылған.

Айта кетелік, сайлау күні облыс бойынша 90 нәресте дүние есігін ашты. Облыстық қоғамдық денсаулық басқармасының хабарлауынша, 46 ер бала, 44 қыз, оның ішінде 2 егіз дүниеге келді. Егіздердің бірі – Қазығұрт ауданында, екіншісі Түлкібас ауданында туған. Дәрігерлердің хабарлауынша, аналар мен сәбилердің денсаулығы жақсы.



Түркістан өңірі тұрғындарының саяси науқанға деген белсенділігі жоғары болды. Облыс бойынша 919 сайлау учаскесі бар. Оның 50-і облыс орталығында орналасқан. Сайлау учаскелерінің 893-і азаматтардың тұрғылықты жері бойынша және 26-сы уақытша болу

ақсақал №560 сайлау учаскесіне нөмерлерін ерте келіпті.

«Елімнің болашағына бейжай қарай алмаймын. Сондықтан әрбір сайлаудан қалмай дауыс беріп келемін. Президентті таңдау жарқын болашақты таңдау деп білемін», дейді ғасыр



## Қасым-Жомарт Тоқаев ресми түрде жеңіске жетті

Президенттік сайлауда дауыс санаудың алдын ала қорытындысы бойынша сайлаушылардың 81,31% дауысын жинаған Қасым-Жомарт Тоқаев ресми түрде жеңіске жетті, деп хабарлайды Egemen.kz.

немесе 2,6% дауыс жинады; Нұрлан Әуесбаев-176 116 немесе 2,22% дауыс жинады;

Жигули Дайрабаев-271 641 немесе 3,42% дауыс жинады;

Мейрам Қажыкөп-200 907 немесе 2,53% дауыс жинады;

Салтанат Тұрсынбеков-168 731 немесе 2,12% дауыс жинады.

Сондай-ақ 460 484 қазақстандық немесе сайлаушылардың 5,8%-ы «барлығына қарсы» бағанын таңдады.

Бұл туралы Орталық сайлау комиссиясының отырысында белгілі болды.

Қасым-Жомарт Тоқаев - 6 456 392 немесе 81,31% дауыс жинады;

Қарақат Әбден - 206 206

2022 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан жұмысынан айырылуына байланысты әлеуметтік төлем алушылардың саны 92,2 мың адамды құрады. Бұл ретте 87,3 мың адамға төлем алғаш рет тағайындалды, деп хабарлайды Egemen.kz. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне сілтеме жасап.



## Жұмысынан айырылған 92,2 мың адамға әлеуметтік төлем төленді

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес жұмыстан босатылған жұмыскерлер міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысу өтіліне және соңғы 24 айдағы табысына байланысты 1 айдан 6 айға дейін жұмысынан айырылуы бойынша әлеуметтік төлемдер алады. Төлем жоғалған кірістің 40%-ына дейінгі мөлшерде МӘСҚ қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Төлем тағайындау үшін жұмыстан босатылған жұмыскерге:

eGov.kz порталында авторизациялану;  
«Жұмысқа орналастыру

және жұмыспен қамту» бөлімінде «Жұмыс іздеуші адамдарды тіркеу» қызметін таңдау;

онлайн-қызметке тапсырыс беріп, барлық жолдарды толтыру және оған ЭЦҚ-мен қол қойып, өтінімді жіберу қажет;

бір күн ішінде тұрғылықты жеріңіздегі халықты жұмыспен қамту орталығы бос жұмыс орындарын ұсынады;

егер жұмыс табылмаса, 3 жұмыс күні ішінде қашықтықтан жұмыссыз мәртебесі беріледі (қажет болған жағдайда сізге ХЖҚО қызметкері қосымша ақпарат жинау үшін хабарласады);

Бұл қызметті Электрондық

еңбек биржасы (enbek.kz) арқылы онлайн режимінде де алуға болады.

Жұмыссыз ретінде тіркелу туралы мәліметтер болған кезде Еңбекминінің ақпараттық жүйесі проактивті форматта МӘСҚ-тан төлемді тағайындау бойынша қызмет көрсетуге келісу үшін мобильді телефонға SMS-хабарлама жібереді. Келіскен жағдайда SMS-хабарламаға жауап беру қажет. Төлем автоматты түрде тағайындалады.

«Егемен Қазақстан» газетінен.

## Мемлекеттік бюджетке 14,8 трлн теңге түсті

Осы жылдың қаңтар-қыркүйек айлары аралығында Қазақстанның мемлекеттік бюджетіне 14,8 трлн теңге түсті, бұл өткен жылмен салыстырғанда 31,1%-ға артық, деп хабарлайды, Egemen.kz.

Ranking.kz сарапшылары нақтылағандай, өткен жылдың ұқсас кезеңінде мемлекеттік бюджеттің кірістері 11,3 трлн теңгені құрап, бір жылда 10,4%-ға ұлғайған.

Мемлекеттік бюджет кірістерінің 71,9%-ы салық түсімдерін құрады. Оның ішінде қосылған құн салығынан түсетін түсімдер - 4,2 трлн теңгені, табыс салығы - 3,8 трлн теңгені, халықаралық саудаға және сыртқы операцияларға салынатын салықтар - 1,6 трлн теңгені, әлеуметтік салықтар - 741,2 млрд теңгені, меншік салығы - 351,5 млрд теңгені құрады.

Айта кетсек, салықтық емес түсімдер бір жылда 39,5%-ға, 343,7 млрд теңгеге дейін өсті. Оның ішінде мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер 140,4 млрд теңгені, мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар - 79,4 млрд теңгені, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарлар мен қызметтерді сатудан түсетін түсімдер - 2,5 млрд теңгені құрады.

Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер бір жылда бірден 33,8%-ға, яғни 171 млрд теңгеге дейін өсті. Оның ішінде мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сатудан түскен кірістер - 145,9 млрд теңгені, жер мен материалдық емес активтерді сатудан - 23,8 млрд теңгені құрады. Трансферттер түсімдері бір жылда 7,6%-ға, яғни 3,7 трлн теңгеге дейін ұлғайды», делінген сарапшылардың хабарламасында.



## Жұқпалы аурулар бөлімі жаңа ғимаратқа ауыстырылды

Жуырда ШЖҚ «Созақ аудандық орталық ауруханасы» МКК қарасты жұқпалы аурулар бөлімі жаңа ғимаратқа ауыстырылды. Бүгінгі таңда жұқпалы аурулар бөлімі орналасқан ғимарат 2021 жылға дейін САОА мәйітханасы, 2021 жылдың қазан айынан бастап ПЦР лабораториясы болған. Ағымдағы жылдың шілде-қазан айлары аралығында аталған ғимаратқа күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген. Нақтырақ айтқанда ғимараттың ішкі бөліктеріне (реконструкция) яғни ыңғайластырылып қабырғалар ауыстырылған, сонымен қатар толықтай әктеу сырлау, кафелдеу жұмыстары жүргізіліп, талапқа сай жабдықталған. Сонымен емделушілер игілігіне берілген қайта жөндеуден өткен ғимараттың ішкі, сыртқы көрінісі көңілге қонымды. Мұндай тап-таза, әппақ, жылы жұқпалы ауруларға арналған емдеу бөлімінде бір кезекте жиырма адамға ем көрсете алады. Жұқпалы аурумен келіп түскен науқасты заласыздандыратын, алғашқы емдік процедураларды көрсететін арнайы бөлек бөлмелер жасақталған. Әрине, аса жұқпалы дерт ел ішіне келмесін, де-

генде емделушілердің негізгі басымдық беріп тұрғаны ауыспалы ауа райының салдарынан да болар, тұрмау, суықтаған, яғни екінші адамға жұғу қаупі бар кесел.

Айта кету керек, жұқпалы аурудың да түрі көп екені белгілі, осыған орай ел арасында жиі кездесетін коронавирусы, бруцеллез, қырым қанды безгегі, дезинтерия кеселдеріне жеке бөлмелер оқшауланған. Балалардың бөлмесі бөлек.

Аудандық аурухананың бас дәрігері Мырзагелдиев Бақытжан арнайы бөлімнің қайта жөндеуден өткен бөлмелерін аралатып, көрсетіп, арнайы жабдықтардың қызмет мүмкіндіктерімен таныстырып шықты. Білікті, ауданымызға белгілі дәрігер Арынбеков Бүркіт аға жұқпалы ауруларға арналған бөлімнің жабдығы мен жасақталуы бүгінгі талапқа сай екенін атап өтті.

Елге қажет арнайы бөлімнің талапқа сай берілгені, мамандардың көрсетіп отырған қызметі емделушілердің де көңілінен шыққандай. Аса жұқпалы аурулар елге келмесін. Ауыр маңыздар. Аман болайық, ағайын!

**Нұржамал МАЙУСОВА.**



## Кітап-алтын сандық

Оқушылардың кітап оқуға құштарлығын арттыру мақсатында қолға алынып отырған жоба барысында түрлі шаралар қолға алынып жатыр. Қ.Рүстемов атындағы жалпы орта мектебінің кітапханашысы Мұстафаева Құралай мектепте «Созақ үні» газетінің тілшілері Біржан Жандәулет және Нұрсұлтан Қанатұлымен кездесу өткізді. Созақ журналистикасының қара шаңырағында шыңдалып жатқан қос тілшінің жастарға айтарлары көп екендігі даусыз дүние.

Мектеп кітапханасында өткен шарада ол кісілер кітап оқудың адам өміріне тигізетін пайдалары, кітапты көп оқыған адамның рухани деңгейі туралы келелі әңгімелерді ербіте келе, оқушыларды

кітаппен дос болуға, кітапты көп оқуды әдетке айналдыруға шақырды. Оқушыларымыз да көкейлерінде жүрген сұрақтарды ортаға салып өз ойларын ашық білдіріп жатты.

Жиын соңында қос тілші «Кітапханаға кітап сыйла» акциясы аясында өздері тарапынан қазақ жазушыларының кітаптарын сыйға тартты. Кітап-алтын сандық. Сол іші қазынаға тола алтын сандыққа қол салар, баға жетпес байлықпен дос болған жастарымыз көп болуын қалайтынымыз рас. Сол мақсатқа қол жеткізу аға бұынның еншісінде.

**Сержан БЕГМАНҰЛЫ,  
Қ.Рүстемов жалпы орта мектебінің директоры.**

## ХАБАРЛАНДЫРУ

Түркістан облысы Созақ ауданы бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауына дауыс беру нәтижелері туралы аудандық аумақтық сайлау комиссиясының қорытындысы Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауына қатысуға құқығы бар сайлаушылардың жалпы саны –35 929, Учаскелік сайлау комиссиясы алған дауыс

беруге арналған бюллетеньдер саны–36 288, Сайлау бюллетеньдерін алған сайлаушылардың саны-29 719 (82,7%), Дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың жалпы саны–29 696.

Қазақстан Республикасының Президентігіне кандидаттар үшін берілген дауыстар саны:

1.Қарақат Жақсылыққызы Абден - 820 дауыс (2,75%)  
2.Нұрлан Сатыбалдыұлы Әуесбаев–614 дауыс (2,06%)  
3.Жигули Молдахалықұлы Дайрабаев–739 дауыс(2,48%)

4.Мейрам Зекешұлы Қажыкөн – 770 дауыс (2,59%)

5.Қасым–Жомарт Кемелұлы Тоқаев–25176 дауыс (84,7%)

6.Салтанат Пархатқызы Тұрсынбекова–427 дауыс (1,43%)

«Бәріне қарсымын» белгісіне–792 дауыс, жарамсыз деп танылған бюллетеньдер саны –358, жойылған (пайдаланылмаған, бүлінген) бюллетеньдер саны-6569.

**Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.**

16.11.2022 жылы сағат 15-00 де аудан әкімдігінің кіші мәжіліс залында аудан әкімінің орынбасары Оразов Қалдыбек Әбілдаұлының төрағалығымен семинар кеңес өтті.

Ауданымызға семинар кеңес өткізуге, Түркістан облысы әкімінің бірінші орынбасары А.Жетпісбайдың 2022 жылғы 14 қарашада бекіткен кестесіне сәйкес, Түркістан облысы әкімі ап-



## Семинар-кеңес өтті

параты тобының бас инспекторы-терроризмге қарсы комиссия хатшысы Е.Мұстафа, Түркістан облысы полиция департаментінің жедел уәкілдері М.Таңірбергенов пен Е.Сембиев, Түркістан облысы төтенше жағдайлар департаменті жедел уәкілі Е.Олжабек, Түркістан облысының мамандандырылған күзет қызметі басқармасының уәкілі А.Жақсылық келді.

Семинар кеңеске ауданымызда осал объектілер иелері, ауыл, кент әкімдері де қатысты.

Түркістан облысы полиция департаментінің жедел уәкілі М.Таңірбергенов мырза, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 сәуірдегі «Объектілерді терро-

ристік тұрғыдан осал объектілерге жатқызу қағидалары мен өлшемшарттарын бекіту туралы» №234 қаулысының талаптарын түсіндірді.

Сонымен қатар, Түркістан облысы төтенше жағдайлар департаменті жедел уәкілі Е.Олжабек мырза, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 12 қарашадағы «Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуының үлгілік паспортын бекіту туралы» №1217 қаулысының талаптарын орындау керектігі айтты.

Семинар кеңес барысында сұрақтар қойылып, нақты жауаптар берілді.

**«Созақ үні»-ақпарат.**

## Аудан әкімі облыстық мәслихатпен келісілген кестеге сәйкес, ағымдағы жылдың 27-28 қазан күндері Шу, Тасты, Жуантөбе ауылдары мен Қыземшек кентінде халықпен есепті кездесулер өткізді

Жалпы 4 ауылдық округтерде өткен жиындарға 465 адам қатысты. Олар негізінен жол, денсаулық сақтау, мәдениет, байланыс саласы мәселелерін көтерді. Жиынға ауыл тұрғындары мен аудандық мекемелер, тиісті бөлім басшылары, құқық қорғау органдарының басшылары,

БАҚ өкілдері қатысты. Жиын соңында аудан әкімі М.Тұрысбеков прокуратура, ішкі істер органдарының басшылық құрамымен, мәслихат депутаттарымен, қоғамдық кеңес мүшелерімен, жергілікті зиялылармен бірлесіп, азаматтармен жеке қабылдаулар өткізді.

Жеке қабылдауда 11 адам болды. Олар: жұмыссыздық, жер, тұрғын үй, жол салалары мәселелерін қозғады. Жеке қабылдау барысында: азаматтарға заңға сәйкес, тиісті жауаптар беріліп, проблемалық мәселелерді шешу жөніндегі іс-қимыл жоспары берілді.

## Аудан әкімінің халықпен кездесу барысында көтерілген проблемалық мәселелерді шешу жөніндегі іс-қимыл жоспары

Қ/с	Проблемалық мәселелер	Орындау мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4
	<b>Шу ауылдық округі</b>		
1	Тәукехан көшесіне көше жарықтандыруын жүргізу үшін жобалық сметалық құжаттарын әзірлеу	Желтоқсан 2022 жыл	Қ.Оразов Д.Құдайбергенов Д.Досымбеков
	<b>Тасты ауылдық округі</b>		
1	Қазақстан, Амангелді көшелеріне жаяу жүргіншілерге арналған аяқ жол төсеу жұмыстарын толық аяқтауды ұйымдастырсын	01.12.2022 ж	Қ.Оразов Д.Құдайбергенов М.Тлеулинов
	<b>Қыземшек кенті</b>		
1	Кенттің Таңбалы тас көшесіне көше жарықтандыруын жүргізу үшін жобалық сметалық құжаттарын әзірлеуді ұйымдастырсын	Желтоқсан 2022 жыл	Қ.Оразов Д.Құдайбергенов Е.Жұмабаев
2	Ескі емхана ғимаратында тұрып жатқан тұрғындардың тұрғын үйлерінің құжаттандыру бойынша жұмыстарды толық аяқтау.	01.02.2023 ж	Қ.Оразов Д.Құдайбергенов Е.Жұмабаев
	<b>Жуантөбе ауылдық округі</b>		
1	Ауылдық мәдениет үйін ағымдағы жөндеуден өткізу үшін жобалық сметалық құжаттарын әзірлесін	Жыл ішінде	Қ.Оразов М.Ниязәліұлы Ж.Борсабаев, Д.Абраев

«Жұмыс беруші күні»

# «№1 колледж»-нағыз мамандар даярлайтын білім ордасы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі осы ағымдағы жылы 15 қараша күні Республика бойынша барлық техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында «Жұмыс беруші күні» іс – шарасын өткізу туралы хабарлаған болатын.

Бұл іс шараның негізгі мақсаты жұмысшы кадрларды даярлаудың сапасын арттырудағы жұмыс берушілермен тиімді әріптестікті дамытуды және жұмыс берушілерді, колледждердің әлеуметтік серіктестіктерін, өңірлік кәсіпкерлер палатасын тартуды көздеді.

Осы республикалық шараға орай ауданымыздағы Созақ ауылдық округінде орналасқан «№1 колледж» МКҚК-нің ұйымдастыруымен колледж ғимаратында «Жұмыс беруші күні» іс-шарасы өтті. Аталған шараға ҚР ҰКП Созақ аудандық филиалының төрағасы А.Анарбаев, аудандық «Созақ үні» газеті редакциясының бас директоры Е.Абилпаттаев, аудандық «Жұмыспен қамту орталығының» басшысы Е.Дәулетбаев, Созақ ауылдық округінің әкімі Б.Аяпов, «UKO-S STAR» ЖШС атқарушы директоры Н.Акен, дуальды оқыту кәсіпорыны Созақ аудандық «Демеу» мүгедектер қоғамының басшысы Б.Смахова, «Волковгеология ГРЭ-5» АҚ филиалының басшысы, аудандық мәслихаттың депутаты Қ.Бекішов, кәсіптік колледждің қамқоршылық кеңесінің төрағасы Б.Сейтмаханов, жеке кәсіпкер М.Қожамқұлов, колледж қызметкерлері, студенттер және жергілікті БАҚ өкілдері қатысты.

Іс-шараға шақырылған қонақтарға алдымен колледждің шеберханасы таныстырылды. Шеберханада соңғы технологиялармен жабдықталған. Онда түрлі техникалық жабдықтар орналастырылған. Студенттердің қолымен жасалған әртүрлі заттар,



өндірістік жұмыстар жөніндегі орынбасары А.Сағындықов баяндама жасап, колледждің тарихы мен атқарған жұмыстарына тоқталып өтті.

Колледждің қысқаша өмірбаяны: «№1 колледж» МКҚК 1959 жылы желтоқсан айында Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің шешімімен «Ауыл шаруашылық училищесі» болып ашылған. Әр заманның уақыт талабына сай аудан көлеміндегі өндіріс орындары, кәсіпорындар, шаруа қожалықтар жеке кәсіпкерлермен тығыз байланыс орната отырып, осы уақытқа дейін колледж «Ауыл шаруашылық өндірісіндегі тракторшы-машинист», «Автомобиль жүргізушісі», «Есепші», «Сатушы», «Сыршы-сылақшы», «Ағаш ұстасы», «Бір ожаулы экскаватор машинисі», «Комбайншы», «Шопан-механизатор», «Тігінші», «Электргазбен дәнекерлеуші», «Электромонтер», «Токарь», «Слесарь-жөндеуші» мамандықтары бойынша 13 (он үш) мыңнан астам

шеберханамен қамтамасыз етілген.

Оқу шеберханасында «Тракторларды жөндеу», «Слесарлық іс», «Электргазбен дәнекерлеуші», «Токарлық іс» орындары қажетті құрал жабдықтарымен жабдықталған.

Арнайы пәндер оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлеріміз барлығы да жоғары білімді. Сондай-ақ, олар біліктілік арттыру курстарынан және өндірістік оқыту шеберлері кәсіпорындардан тағыламадан өтіп отырады.

Қазіргі таңда колледж негізінен ауыл шаруашылық салалары мен өндіріс орындарына мамандар даярлауда. Колледж негізінен 2 жыл 10 ай оқу мерзімдерімен білім береді. Студенттеріміз I-курста жалпы білім беретін пәндерден білім алса, II-курста арнайы пәндерден теориялық білімдер алады. III-курста студенттер өндірістік оқытулар бойынша колледж шеберханаларында білім алса, алты айлық мерзімде технологиялық іс-тәжірибеден шаруа қожалықтары мен кәсіпорындар базаларында практикадан өтеді.

Колледжбен тығыз байланыстағы әлеуметтік әріптестерді атап айтар болсақ, «Созақ» ауданы «Демеу» мүгедектер қоғамы, «UKO-S STAR» ЖШС, «Сырлы Созақ» ЖШС, «Бибо» ЖШС, «Таукент» орталықтандырылған авто-тасымалдау шаруашылығы, «Волков-геология ГРЭ-5» АҚ филиалы, Созақ ауданы әкімдігінің «Созақ сәулет» МКК, «Көкалаң» ш/қ, «Тарса» ш/қ, «Сардар» ш/қ, «Ашым-Ата» ш/қ, «Кішкінбаев Д.» ш/қ, «Ақназар» ш/қ, «Абдраман» ш/қ, «Аяпов Б.» жеке кәсіпкер, «Қожамқұлов М.» жеке кәсіпкер.

Осы өндірістік іс-тәжірибелерден бөлек Созақ аудандық «Демеу» мүгедектер қоғамы мекемесінің (басшысы Смахова Бақыт Тұрсынқызы) дуальды оқыту жүйесімен «Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу» мамандығының «Арнайы тігінші» біліктілігі бойынша 2022 жылдан бері колледж студенттері білім алып келеді.

Колледж студенттері арасындағы мамандықтар бойынша өткізілетін түрлі облыстық жарыстар ішіндегі «Worldskills» чемпионатында «Тігінші», «Дәнекерлеу ісі» мамандықтары бойынша қатысқан Колхоз Айгүл (жетекшісі о.ө.ш. Ушибаева Гүлнара), Парманқұлов Юсуп (жетекшісі о.ө.ш. Атабаев Мамыржан, Имамов Шавкат) жүлделі медальон иегерлері және «Ауыл шаруашылығын механикаландыру» мамандығы бойынша Утембай Расулмат (жетекшісі о.ө.ш. Рысбаев Бағдат,

Айтжанов Махмут) жүлделі II-орынға ие болды.

Биылғы колледжді бітірушілердің жылдағыдан ерекшелігі өз мамандықтары бойынша демонстрациялық емтихандар тапсырды. Бұл дегеніміз бір студент демонстрациялық диплом алды емтиханды 3 күн тапсырады. Оның тиімділігі бірінші күні мамандығына сәйкес жасалатын бұйым заттың эскизін және сызбаларынан бастап өзі жасайды. Екінші күні құрастырады. Үшінші күні әрлеп, бұйымдар мен қолданатын заттарды толық жасап шығарады. Осы жұмыстарды жасау арқылы теориялық білімдерді практика жүзінде ұштастырып, нағыз маман иесі болуға лайықты болып шығады, - деп сөзін аяқтады баяндамашы.

Шара барысында қонақтар кезегімен сөз алып, өткізіліп жатқан шараның маңызы мен жоғары деңгейлігіне тоқталды. Сондай-ақ, колледжге әрдайым қолдау білдіріп, жанашырлық танытып, демеушілік жасап жүрген азаматтарға, яғни «Волковгеология ГРЭ-5» АҚ филиалының басшысы, аудандық мәслихаттың депутаты Қ.Бекішов пен «UKO-S STAR» ЖШС атқарушы директоры Н.Акенге Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі А.Аймағамбетовтің Алғыс хаты табысталды. Сонымен қатар, дуальды оқыту кәсіпорыны Созақ аудандық «Демеу» мүгедектер қоғамының басшысы Б.Смаховаға облыстық адами әлеуетті дамыту басқармасының басшысы Д.Болатханұлының Алғыс хаты табысталды.

Жиын соңында «Волковгеология ГРЭ-5» АҚ, «UKO-S STAR» ЖШС, дуальды оқыту кәсіпорыны аудандық «Демеу» мүгедектер қоғамы мекемелері мен «№1 колледж» МКҚК арасында арнайы меморандум мен келісімшарттарға қол қою рәсімі



мәселен, демалыс орындықтары, шөп оратын, жем турайтын, сәбіз турайтын құрылғылары келген қонақтарды таң қалдырғаны рас. Тура бір арнайы зауыттарда құрастырылғандай. Шеберхананың жұмысымен, жай-күйімен танысқан қонақтар колледждің акт залында студенттермен кездесті. Шараны «№1 колледж» МКҚК директоры Б.Қордашбеков ашып, жүргізіп отырды. Жиын барысында колледж директорының оқу

жұмысшы кадрларын даярлап шығарды.

Колледждің 200 орындық жаңа оқу ғимараты мен шеберханасы 2019 жылы пайдалануға берілген. Оқу ғимаратында заманауи үлгідегі алғашқы әскери дайындық, информатика, жалпы білім және арнайы пәндерді оқытатын оқу дәрісханалары, тігін мамандығының зертханасы, кітапхана, медициналық бөлмелер, асхана, акт және спорт залдары мен



өтті.

Колледж ұжымының ұйымдастыруымен өткен шараға келген қонақтарға колледж студенттері мен қызметкерлері өздерінің алғыстарын айтып, жұмыстарына табыс тілеп тарқасты.

**Нұрсұлтан ҚАНАТҰЛЫ,**  
Қазақстан Журналистер  
одағының мүшесі.





**Редакцияның поштасына ауыл тұрғындарынан, интернет арқылы да сан алуан тақырыптарда хаттар келіп жатады. Өздері қолдарымен әкелетін де оқырмандар бар. Көптеген хаттарда хат иелері көше атауларына кісі есімін беру, ауылдар мен елді мекендер ішінде елге сыйлы азаматтардың ескерткішін, бюстін орнату жөнінде ұсыныстар мен пікірлерін мақала түрінде әкеліп, жауабын беруін сұранып жатады. Осы мәселеде біз аудан әкімдігі мәдениет, тілдерді дамыту, денешынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Ниязәліұлы Мерейді әңгімеізге тартып, бірнеше сауал қойған едік.**



# Көшеге кісі есімін беру, тұғырын орнату тәртібі қалай?

**-Көшеге есімін беру мәселесін ауыл, аудан көлемінде қалай шешіледі?**

-Бұл мәселе осыдан бірнеше жыл бұрын ауыл, аудан көлемінде шешіле беретін. Кейін «ҚР Тіл туралы» Заңының 25-1-бабы бойынша облыс әкімі жанындағы арнайы ономастикалық комиссия арқылы шешілетін болып, сол комиссия құзырына өтті. Жалпы атау беру ҚР Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы №138 қаулысымен бекітілген «Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидалары» негізінде жүзеге асырылады. Аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінде бір маман комиссия оң шешімін берген өтініштердің құжаттарын түгелдеумен айналысады. Облыстық ономастика комиссиясының оң қорытындысын алған атауға ауыл әкімі шешім шығарады, әділет органдарына тіркейді. Оның үстіне осы «Тіл туралы» Заңның 25-5-бабы бойынша ономастика жұмысының критерийлері белгіленген. Олар:

- 1) тарихи, географиялық, табиғи және мәдени ерекшеліктерді ескеру;
- 2) әдеби тіл нормаларына сәйкестік;
- 3) бір әкімшілік-аумақтық бірліктің шегіндегі елді мекендерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне бір атауды бір мәрте ғана беру;
- 4) жеке адамның есімімен аталған, ол берілген (өзгертілген) күннен бастап кемінде он жыл өткен соң берілген есімді қайта атау, оны өзгерту;
- 5) аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлерінің, ғылым, мәдениет қайраткерлерінің және Қазақстан Республикасы мен әлемдік қоғамдастық алдында еңбек сіңірген басқа да жеке адамдар қайтыс болған күннен бастап кемінде бес жыл өткен соң олардың есімдерін беру болып табылады.

Жалпы қазіргі таңда Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы №284-2 хатына байланысты объектілерге атау беру және қайта атау мәселесі уақытша тоқтатылған. Осы тоқтау әлі күшін жойған жоқ.

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің 2017 жылғы 28 ақпандағы №17-388-5 тапсырмасына сәйкес, тарихи атауларды жаңғырту мақсатында идеологиялық тұрғыдан ескірген атаулар мен қайталанатын атауларды тарихи жер-су атауларына алмастыру, сон-

дай-ақ объектілерге, әкімшілік-аумақтық бірліктер мен олардың құрамдас бөліктеріне кісі есімдерін беруге мейлінше шектеу қойылғандықтан Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі тарапынан ортақ тарихи сананы қалыптастыру мақсатында «Тарихи тұлғалар», «Тарихи жер-су атаулары» тізімдері әзірленіп, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігімен келісіліп, жұмыс барысында басшылыққа алынып отыр.

Сонымен қатар, көшеге атау берер кезінде Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» N 151 Заңының 25-5-бабын, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» № 2572-XII Заңын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы «Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларын бекіту туралы» №138 қаулысын басшылыққа алып жұмыс жасауға болатындығын назарларыңызға жеткіземіз.

ҚР Үкіметі жанындағы республикалық ономастика комиссиясында мақұлданды Қазақстан Республикасындағы ономастикалық жұмыстарды ұйымдастыратын әдістемелік ұсынымдар туралы айтып өтсеңіз?

Әкімшілік-аумақтық бірліктердің құрамдас бөліктеріне атау беру және қайта атау тәртібі бар. Әкімшілік-аумақтық бірліктердің құрамдас бөліктеріне атау беру және қайта атау кезінде Бірінші кезекте осы ұсынымдар мен тәртібі басшылыққа алынады. Сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық ономастика комиссиясы мақұлдаған әкімшілік-аумақтық бірліктер мен олардың құрамдас бөліктеріне (даңғылдарға, көшелерге, орамдарға, саябақтарға, көпірлерге) атау беру және оларды қайта атау кезінде бірінші кезекте тарихи, байырғы жер-су атаулары негізге алынады; Мағыналары тар атаулар немесе жалпылық сипатта болатын, жеке тұлғалардың есімдеріне меңзейтін және тарихи-дәстүрлі атауларға негізделмеген атаулардың берілмеуі қадағаланады. Бір әкімшілік-аумақтық бірліктің шегіндегі елді мекендерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне бір атауды бір мәрте ғана беру тәртібін қатаң бақылау; Әкімшілік-аумақтық бірліктердің құрамдас бөліктерін қайта

атау оның атау берілген (өзгертілген) күнінен бастап кемінде он жыл өткен жағдайда ғана жүзеге асыру; Әкімшілік-аумақтық бірліктер мен олардың құрамдас бөліктеріне атау беру және оны қайта атау кезінде берілетін атаулардың мағынасы, сондай-ақ атаудың тарихи және мәдени құндылығы солардың сипатына, жағдайына, тұрқына сәйкес келуі тиіс. Өзгертілген әкімшілік-аумақтық бірліктердің құрамдас бөліктері атауларының көрсеткіштері Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық ономастика комиссиясымен мақұлданды «Республикалық, облыстық, аудандық маңызы бар қалалардағы, астанадағы, кент, ауыл және басқа елді мекендердегі көше атауларын жазу және орналастыру жөніндегі» ұсынымға сәйкес берілуін басшылыққа алу.

Біз басшылыққа алатын ҚР Үкіметінің қаулысымен бекітілген тұжырымдамада да Қазақстан Республикасындағы әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауларын ретке келтіру, елді мекендерді қайта атау және тарихи географиялық атауларды қалпына келтіру айтылған. Онда

Әкімшілік-аумақтық бірліктерге республикаға айрықша еңбегі сіңген және оның тарихына, ғылымына, мәдениетіне, әдебиеті мен өнеріне елеулі үлес қосқан адамдардың аттарын, сондай-ақ мемлекет пен қоғам қайраткерлерінің және әлемдік ауқымдағы ғылым мен мәдениет қайраткерлерінің есімдерін беру және оларды қайта атау кезінде мынадай қағидалар ескеріледі және сақталады: қалаларға, қала үлгісіндегі кенттерге, аудандарға бұдан былай адам аттары берілмейді; Жергілікті өкілді және атқарушы органдарға мыналар ұсынылады: қаладағы аудандарға, алаңдарға, даңғылдарға, бульварларға, көшелерге, орамдарға, парктарға, скверлерге, көпірлерге және қаланың басқа да құрамдас бөліктеріне ат қою және оларды қайта атау туралы, олардың атауларының транскрипциясын өзгерту туралы шешім қабылдау кезінде: республикаға айрықша еңбек сіңген және оның тарихына, ғылымына, мәдениетіне, әдебиеті мен өнеріне елеулі үлес қосқан адам аттарын, сондай-ақ мемлекет пен қоғам қайраткерлерінің және әлем деңгейіндегі ғылым мен мәдениет қайраткерлерінің есімдерін әрбір облыс, республикалық маңызы бар қалалар және астана үшін екіден аспайтын және олардың қайтыс болғанына бес жыл толған жағдайда ғана беру; көзі тірі адамдардың атын бермеу; объектілерді қайта атауды ат

берілген (өзгертілген) күнінен бастап кемінде он жыл өткен жағдайда ғана жүзеге асыру; мемориалдық тақталарды орнату туралы шешімді қабылдау кезінде мынадай шешімдерді Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігімен келісу. Осы бағытта мынадай міндеттерді жүзеге асыру көзделеді: ежелгі халықтық және тарихи қалыптасқан атауларға халықтың құрметпен қарауын бұқаралық ақпарат құралдары арқылы түсіндіру және қалыптастыру, түрлі объектілердің: әкімшілік-аумақтық және аумақтық-өнеркәсіптік бірліктердің, елді-мекендердің, сондай-ақ көшелердің, алаңдар мен мекемелердің тарихи атауларын сақтау; әкімшілік-аумақтық және аумақтық-өндірістік бірліктердің, сондай-ақ көшелердің, алаңдардың атаула-

рын, мекемелердің атауларын шектен тыс идеологияландырудан арылу; тарихи топонимдерді қайта атау практикасынан, топонимикалық жүктемесі жоқ атауларды қолданудан бас тарту.

**-Ал енді азаматтардың бюстін орнату мәселесі туралы нақты жауап берсеңіз?**

-Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 1 наурыздағы №311 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында орнатылатын ескерткіштер мен монументтер жөніндегі Мемлекеттік комиссиясы құрылған. Мемлекеттік комиссия бойынша ескерткіш, бюст, монументтерді орнатуға жергілікті атқарушы органдар, шығармашылық одақтар, қоғамдық ұйымдар тарапынан ескерткіш, бюст орнату мәселесі көтеріліп, бюст орнатылатын жерді рәсімдеп (әкімдікпен шешім, қаулы шығару және мемлекеттік актіні алу) немесе жер учаскесі иесінің келісімін алу, жер пайдаланушының келісімін алу, ауданның қала құрылыс кеңесінде мәселені қарау, ескерткіш, бюст, монументтің эскизін талқылау, қолдау тапқан жағдайда облыстық сәулет және қала құрылысы басқармасына жолдау, басқарманың құрылыс кеңесінде қолдау тапқан жағдайда қажетті құжаттары жасқалып ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігіне жолданады. Мемлекеттік комиссияда мәселені қарау, нәтижесінде хаттама толтырылады. Комиссия тарапынан қолдау тапқан жағдайда бұл мәселе қатысты тиісті құжаттар аудан әкімдігіне жолданады. Одан кейін ескерткіш, бюст, монументтер аудан әкімдігінің немесе мемлекеттік мекеменің балансына алынып, осындай тәртіппен орнатылады.

**-Бүгінгі күні мектептерді әр жылы бітірген тұлғалар өздері оқыған алтын ұяларына із қалдырғысы келіп, түрлі ескерткіш белгілер орнатып жатады. Бұл мәселе қаншалықты заңдық тұрғыда қарастырылған?**

-Қазақстан Үкіметінің 2001 жылғы 1 наурыздағы №311 қаулысына сәйкес ескерткіш орнатушы жеке немесе заңды тұлға ескерткіштің, монументтің эскиздік жобасын, мүсіннің жұмыс моделін, тұғырдың сызбаларын, эскиз жасалатын материалы мен моделін т.б құжаттарын Қазақстан Республикасында орнатылатын ескерткіштер мен монументтер жөніндегі мемлекеттік комиссияға ұсынуы тиіс.

**-Әңгімеізге рахмет!**

**Сұқбат жүргізген:  
Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ.**



Сұлтанбай қариямен көптен бері әңгімелесу ойымда жүрген. Оның үстіне көпшілік жиылған жиындарда мені көрген сайын: «Саған айтар әңгімем бар еді. Қолың қалт етсе үйге келсей,-дейтін. Сенбі күні қолым босап, Сұлтанбай қарияның үйін бетке алдым. Төменгі ауылдағы қорымның етегіндегі үйде тұратынын біліп арнайы іздеп барсам, қария үйде болмай шықты. Сөйтсем үлкен ұлы Нұрланның шаңырағында тұрады екен. Нұрлан аудандық спорт мектебінде ұстаздық ететінін білетін едім. Қария менің барғанымға қуанып қалды. Ойын жинақтай алмады ма көп естеліктерді есінен шығарып алыпты. Әйтсе де біршама әңгімелерді тізбектеп берді.

-Мен 1933 жылы Түркістан қаласында дүниеге келдім. Әзірет Сұлтан жатқан жерде дүниеге келгендіктен есімімді Сұлтанбай деп ырымдап қойған екен. Ал ағам Созақбай Созақта 1930 жылы дүниеге келгендіктен есімін Созақбай деп қойыпты. Айша, Қантжан есімді қарындастарымыз болды. Ұрпақтары Түркістан қаласында тұрады. Абай ауылының бас жағында «Тоқпанбеттің сазы» деген сазды-шалғынды жер бар. Әкеміз Тоқпанбет 67 жасында өмірден озыпты.



тобазаға көлік жүргізуші болып орналасып, 1993 жылы зейнет демалысына шықтым-деп әңгімесін аяқтады. Сұлтанбай Тоқпанбетов осы жылдар ішінде «Еңбектегі ерлігі үшін», «Лениннің 100 жылдығы», «Еңбек озаты», «Ұлы Жеңіске-60 жыл», «Ұлы Жеңіске-65 жыл», «Ұлы Жеңіске-70 жыл» мерекелік медалдарымен және Құрмет грамоталарымен марапатталған. Үлкені Нұрлан аудандық спорт мектебінде, келіні Гүлбар аудандық емханада, екінші ұлы Ерлан жеке кәсіпкер такси қызметінде, келіні Гүлнара Шолаққорған жалпы орта мектебінде психолог. Қызы Гүлзат Шымкент қаласында тұрады. Жұбайы Нариман Нұрпейісов тарихшы, ғалым ұстаз. Жанат аудандық соттың кеңсе меңгерушісі. Нұрланның қыздары Назерке медсестра, Анар Сызған ауылына тұрмысқа шыққан, Сая Шолаққорғанда медбике, тұрмысқа шыққан, өз алдына жұмыстары бар. Ерланның үлкен қызы Жансая Төлеби ауданына тұрмысқа шығыпты, Береке мен Бейбарыс атты ұл-қыздары мектеп қабырғасында оқиды екен. Мен үйге келген соң интернеттегі архивтен Сұлтанбай қарияның нағашысы Розан Шереновті іздедім. Сөйтсем ол кісінің есімі Розхан екен.

## ҚАРИЯЛАР ЖАЗЫП ҚОЙҒАН ХАТПЕН ТЕҢ

Әкеміз қайтыс болғанда мен 4 жаста, Созақбай жеті жаста екен. Кейін Созақбай Созақ ауданына белгілі тұлға болды. Көшеге есімі беріліп, ел-жұрты елеп, ескерді. Анамыз Созақ ауылының қызы еді. Есімі Зейнеп болатын. Анамыздың Розан, Машан атты інілері, Маяжан атты апасы болған. Розан соғыстан оралмай хабарсыз кетеді.

Сенің атаң Қарғабайды көзіміз көрді. Жүас, момын, діндар қария еді. Анамыз Жақсыкүл қолы ашық, ақ пейілді жан болатын. Қолынан талай дәм таттық. Колхоз бастық болған соң ішіп-жемдері бар. Қолындағы азық түлігін беріп тұратын. Аш кезде жеген құйқаның дәмі ауыздан кетпес деген рас әңгіме ғой. Ол уақытты ешқашан ұмытпаспын. 1946 жылы Қарақұр ауылына көшіп келдік. Ол уақытта Қарақұрды «Төбет» деп атайтын. Екінші әкеміз Серікбай деген кісі еді. Серікбайдың Дастан деген жиені болды. Дастанның баласы Ділдан Қарақұрда тұрады. Дастанның үлкен қызы Мираш Сызғандағы Ескер деген кісіге тұрмысқа шыққан. Біз Төбетке барған соң мал бақтық. Жәмекейдің шошағының астында жаз жайлауымыз болды. Стамғазы деген жерде қыс қыстайтынбыз. Әкем қария кісі еді. Ағам Созақбай көмектесіп сенің шамаң бір отар бағуға келе қоймас деп 400 бас қошқар отарын берді. Оны комсомолдық жолдамамен алдым. «Желсай», «Тұттың аузы», «Сырма» деген жерлерде мал отарын бақтық. «Қырық келе» деген жерде отырықшылық еттік. Ол уақытта Шаға бір колхоз, Алтынтау бір колхоз болатын. Жәмекейдің астына жүгері егетінбіз. Нанымыз жүгері нан, көжеміз жүгері көже болды. Соғыс уақытындағы қиыншылық бізді ерте есейтті. Егін бітік болса, бір жұрғап қаламыз. Егін ала-құла болса онда қиналып шығамыз. Өйткені астықты соғысқа жіберетін. Бүгінде көз көргендерден Қарақұрда

Еламан, Иманқұл деген көз көрген кісілер қалған еді. Көп болды ауылдан алысқа ұзап бара алмаймын. Біз мал бағып жүргенде Пірмахан, Құсайын, Төлек, Қалап деген кісілерден мал бағудың қыры мен сырын үйрендік. Бір жолы малдан 80 серкем бөлініп кетеді. Іздемеген жерім жоқ. Содан көрші қоныста отырған Шубай деген кісіге бардым.

боран болды. Төбеттің бір қиыны, оның қысы, боран соқса он күнге дейін толассыз соғатын. Үйіміз қормен іргелес. сыртқа қора ішіндегі малды аралап жүріп шығасың. Таңертең тысқа шығайын десек, есікті қалың қар үріп, басып қалған. Жақсыкүл апамыз арнайы жұмысшыларды әкеліп бір-екі сағаттай үйіріп соққан үйінді қардан аршып

Розхан 1917 жылы Созақ ауданы, Созақ ауылдық кеңесіне қарасты Киров колхозында дүниеге келіпті. 1940 жылы 9 ақпанда әскер қатарына шақырылып, 1941 жылы желтоқсан айында 487-ші атқыштар полк, 143-ші атқыштар дивизиясы құрамында Белоруссияның Гомель облысы, Речица, Паричи аудандарындағы ұрыс қимылы кезінде ха-



Ол кісі қорасына қайдан келгені белгісіз 80 серке келгенін, оларды белгісіз жағына қарай айдап жібергенін айтады. Шубайдың нұсқаған жағына қарай іздеп шықса, сексен серке биік құздың үстінде иіріліп, бірдеңеден үркіп топ болып тұр екен. Дереву табылғанына қуанып ауылға айдай жөнеледі. Санап шықса түп түгел екен. Ішінен бір нән, семіз серкені Шубайға сүйіншісіне қалдырып кетеді. Бір жолы қыста қатты

алып, бәрімізді құтқарып қалғаны бар. Ол уақытта Зейнетай колхоз бастық, сенің әжең ауылдық кеңестің төрағасы болатын. Кейін ол кісі зейнетке шыққан соң, орнына Бекжанов Палмахан келді. 1954 жылы әскер қатарына кетіп, 1957 жылы келдім. Бойдақпын, әке-шешем тірі болатын. Қошқар отарын алдым. Бес жыл шопан таяғын ұстадым. 1964 жылы автобазаның атынан шопырлық оқу оқып диплом алып, ав-

бар ошарсыз кетеді. Қасында Созақ ауылдық кеңесіне қарасты Қуйбышев колхозында 1918 жылы туылған Әбдірахманов Тасжан деген кісі болған екен. Сұлтанбай көкеге хабарласып нағашысы жайлы ақпаратты айтып қуантып қойдым. Ауылдың қадірменді қариясы Сұлтанбай әңгімеге бай, шежіретеге қазына, көкірегі көмбе, көп білетін қария.

**Мақсат ҚАРҒАБАЙ.**

Сенімгерлік басқарушы:

**"Agro-sozak" ЖШС**

Меншік иесі-

**"Созақ үні" газеті редакциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**

Директор:

**Абилпаттаев Ержан БАКЫТЖАНОВИЧ**

Бас редактор:  
**Теңізбаев Сәрсенбек Сайлаубекұлы**  
Жауапты хатшы  
**Мақсат Қарғабай**  
Редакция құрамы:

Аға тілші-  
Нұржамал МАЙУСОВА  
Тілшілер-  
Данияр БЕКОВ  
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ  
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ  
Дизайнер-  
Асхан БАҚТЫБАЕВ  
Терішші-  
Бағила АЯЗБАЕВА

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.  
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады  
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №  
таралымы -  
**3800 дана**

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.